

**«БЕКІТЕМІН»**

**Қазақстан Республикасы**

**Оқу-ағарту министрлігі**

**«Ұлттық ғылыми-практикалық  
дене тәрбиесі орталығы»**

**РМҚК Бас директоры**

**С. Садықов**

**09 2022 ж.**



**ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТІЛЕУДЕН 11-12, 13-14, 15-16 жастағы  
ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСЫН  
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ  
(ұлдар-қыздар)**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
2022 жыл**

## **I. Мақсаты мен міндеті**

Президенттік тест спорттық іс шаралары келесі мақсаттарда өткізіледі:

-жергілікті аймақтарда, орта білім мектептерінде, спорт клубтарында және балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде Президенттік тестілерді дәріптеп, дамыту;

-дене шынықтыру мен спортты одан әрі жаппай дамыту, халықтың дене шынықтыру даярлығын және салауатты өмір салтын насихаттау;

- ең үздіктеді анықтау;

-бұқаралық спортты халық арасында дамыту.

## **II. Жарысты ұйымдастырушылар**

Президенттік тест республикалық жарысын (ұлдар, қыздар) өткізуге жалпы басшылықты ҚР Оқу-ағарту министрлігі "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" (бұдан әрі-ҰҒПДТО) және «Қазақстан Республикасының Президенттік сынақ және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы» заңды тұлғалар бірлестігі жүзеге асырады.

Жарысты тікелей өткізу ҰҒПДТО бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

## **III. Жарысты өткізу орны және мерзімі**

Жарыс 2022 жылдың 20-25 қыркүйек аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі. Жарыстың бағдарламалары ауа райына және қатысушы ұжымдардың санымен даярлықтарына байланысты қалалық нысандарында қосымша жіберіледі (**Ережеге сәйкес**).

## **IV. Спортшылардың туылған жылдарымен жыныстары**

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерінде көрсетілген 3 сатылық жастар топтарына сай 11-13, 14-15, 16-17 жас ерекшеліктері бойынша өткізіледі. Әр жас тобынан 3 оқушыдан (2- ұл, 1- қыз), барлығы 9 оқушы, 1 жаттықтырушы, 1 команда өкілі, 1 төреші. Команда саны – 11 адам.

## **V. Нәтижелерді бағалау жүйесі**

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілері Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

## **VI. Төрешілер жүйесінің сандық құрамы**

Төрешілер алқасы «Президенттік тест және Президенттік көпсайыс Федерациялар Одағы РҚБ қағидасының негізінде 15 адамнан төрешілер алқасы жасақталады. Әр жарыс бағдарламаларына байланысты өтетін алдында тізімімен саны ұсынылатын болады.

## **VII. Өтінімдер**

Қатысушылардың саны, келу және кету күндері көрсетілген алдын ала өтінім жарыс басталардан 10 күн бұрын жарыстың бас хатшысына тапсырылады.

Өтінім уақытылы берілмеген жағдайда, қабылдаушы тарапы қатысушыларды орналастыру үшін жауап бермейді.

Қатысушы жарыс басталардан 5 күн бұрын және кешіктірмей, қатысушылардың туған жылдары көрсетілген өтінімді (*Қосымша 1*) мына электрондық поштаға жіберуі тиіс: [nnpck.sport@mail.ru](mailto:nnpck.sport@mail.ru) Өтінім уақытылы берілмеген жағдайда жарысқа қатыса алмайды қабылдаушы тарап қатысушыларды орналастыру үшін жауап бермейді..

Қатысушылардың нөмірлері көрсетілген, дәрігер куәлэндірған ақырғы өтінім жарыс хатшысына жеребе басталардан 6 сағат бұрын және кешіктірілмей беріледі.

## **VIII. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары**

Жарысқа қатысушылардың рұқсаты, өтінімдер құжаты арқылы жарысқа қатысуға алдын-ала дайындық өткен, дәрігердің рұқсатын алған тұлға жіберіледі.

Атаулы өтінімдер спортшыны жарысқа ұсынған ұйыммен жарыс ережелері мен шарттарына сай жасалуы тиісті.

**Осы Ережеде көрсетілген барлық жарыстар үшін, қатысушылардың жасын 2022 жылдың 1 қаңтарынан есепке алынады туған күнімен айына қарамастан.**

## **IX. Жеңімпаздарды марапаттау**

Барлық жас топтамаларында жеке біріншілікте жүлдегер мен жеңімпаздарға дипломдармен марапатталады.

1,2,3 орын иеленген командалар кубок, диплом, медальмен марапатталады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК есебінен:

- 1) Президенттік дайындық деңгейі
- 2) Ұлттық дайындық деңгейі
- 3) Бастапқы деңгейі.

Нормативтерін орындаған оқушыларға айырым белгісі бар төсбелгімен және оларға куәләктермен, сертификаттармен марапатталады.

Көпсайыстың бір түріне себепсіз қатыспаған қатысушылар жарыстан шығарылады. Ұпай саны тең болған жағдайда басымшылық көпсайыстың көп түрі ұтқан қатысушыға беріледі, егер бұл көрсеткіштер тең болса жеңімпаз жүзуден бойынша анықталады.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін нәтижелері нәтижелері үш деңгейге бөлінеді:

- 1) президенттік дайындық деңгейі;
- 2) ұлттық дайындық деңгейі;
- 3) бастапқы дайындық деңгейі.

*Жарыс бағдарламасы ауа-райына байланысты өзгеруі мүмкін.*

## **Х. Қаржылық шығындар**

Президенттік тестке қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәуліктік ақысы, тамағы, жататын орыны) жіберуші мекемелер есебінен.

Президенттік тестті өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медальдар, баннер дайындау;
- төрешілер, дәрігерлер мен қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеу;
- спорт кешенің, авто көлікті жалға алу ҰҒПДТО есебінен.

## **XI. Наразылықтарды беру және оларды қарау тәртібі**

Ереже мен шарттың бұзылғаны байқалған уақыттан 30 минуттан кеш емес уақытта спорт түрі бойынша аға төрешіге, рефери немесе бас төреші орынбасарына команда өкілі ауызша арызданады, спорт түрі аяқталғанға дейін.

Егер ауызша арыздан шешім қабылданбаса немесе өкіл қанағаттанбаған жағдайда, ол өз арызын жазбаше түрде бас төрешінің қабылдаған шешімінен кейін бір сағат ішінде немесе спорт түрі аяқталғаннан кейін жарыс басшысының атына білдіре алады, ал жарыс қорытындысына байланысты наразылығын – жарыстың бейресми қорытындысын информациялық орынға шығарғаннан кейін бір сағат ішінде.

Наразылық танытылған қорытынды жарыс басшысы немесе Апелляциялық жюри (егер наразылық жюриға ұсынылса) шешіміне дейін бекітілмейді.

Қатысушы жарыс басшысы немесе апелляциялық жюри шешіміне дейін, жарысқа БТА шешімімен «наразылық бойынша» қатыстырылады.

**ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТІЛЕУДЕН 11-12, 13-14, 15-16 жастағы  
ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСЫНА  
ӨТІНІШ**

Облысы, қала:

Команда:

| № | Спортшының аты-жөні | Туылған жылы | Жынысы | Жас тобы | Дәрігердің қолы, мөрі |
|---|---------------------|--------------|--------|----------|-----------------------|
| 1 |                     |              |        |          |                       |
| 2 |                     |              |        |          |                       |
| 3 |                     |              |        |          |                       |

Команда өкілі: \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, телефон нөмірі)

Дәрігер: \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы, мөрі)

Аймақтық дене тәрбиесі орталығының директоры  
\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы, мөрі)